

## Құбыр желісі көлігін дамыту мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1176

Көмірсутегі шикізатын тасымалдаудың экономикалық тиімді маршруттарын жоспарлау, құбыр желісі көлігін дамытуда белсенді инвестициялық саясат жүргізу, мұнай-газ құбырларын қалпына келтіру, жаңарту мен салуға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы (бұдан әрі - Компания) "Мұнай-газ құбырларын мемлекетаралық басқару" атты ТАСИС жобасындағы Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді деп белгіленсін. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1997.09.21. N 1357

қаулысымен. P971357\_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 591

қаулысымен. P010591\_

2. Компанияға Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көмірсутегі шикізатын тасымалдау үшін арналы құбыр желілерін қаржыландыруды, жобалауды, салуды және пайдалануды ұйымдастыру жөнінде Бас келісім-шартты (тапсырысшы) құқығы берілсін.

3. Компания 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін құбыр желісі көлігін

дамыту бағдарламасын әзірлеп, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп, мұнай-газ құбырларын қалпына келтіру, жетілдіру мен салу жобаларын қаржыландыру үшін шетел инвестицияларын тартудың мүмкін нұсқаларын қарасын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК